

## Май ауданы бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 06 ақпандағы N 37/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 06 наурызда N 3726 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 3/1 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 11.01.2016 № 3/1 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 01 қазандағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 03 мамырдағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы" N 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" N 651 Жарлығының 2 тармағына сәйкес Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Май ауданы бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A. Жармағамбетов

Май ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы 06 ақпандығы  
N 37/1 қаулысымен  
бекітілді

**Май ауданы бюджетінен қаржыландырылатын  
жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік**

## **қызметшілерінің қызмет этикасы қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Май ауданы бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасының осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 қазандағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы"" N 1567 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы"" N 651 Жарлығына сәйкес әзірленді

2. Осы Қағидалардың әрекеті Май ауданы бюджеттінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне қатысы бар.

3. Май ауданы бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың басшылары мемлекеттік қызметшілердің Қағидалармен таныстырылуын, Қағидалар нормаларының сақталуын, Қағидалар мәтінінің ақпараттық стендтерінде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

### **2. Мемлекеттік қызметшілер мінездегіңін жалпы қағидалары**

#### **4. Мемлекеттік қызметші:**

қызметтік міндеттерін Қазақстан Республикасының Конституциясына, зандарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, мораль мен ар - ұяттың жалпы қабылданған қағидаттарына сәйкес жауапкершілікпен және адал атқаруға, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі мен осы Қағидалардың нормаларын мүлтіксіз сақтауға;

мемлекеттік биліктің беделін, мемлекет институттарға азаматтардың сенімін нығайтуға жәрдемдесуге, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын сақтауға, мемлекеттің мүддесін қорғауға;

өзіне талап қойғыш, принципшіл, шыншыл және турашыл болуға, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және басқа құқық бұзушылықтарға төзімсіз болуға;

өздерінің құзыреттері шегінде шығарған басшылықтың бұйрықтары мен тапсырмаларын, жоғары тұрған лауазымды тұлғалардың шешімдері мен нұсқауларын сапалы және уақтылы орындауға;

қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау нормаларын ескере отырып, жұмыс уақытын еңбек өнімділігі үшін тиімді пайдалануға, денсаулығына және жеке басының немесе жұмыстағы әріптестерінің қауіпсіздігі үшін қауіп-қатерлі болуы мүмкін кез келген оқиға туралы хабардар етіп отыруға;

мемлекеттік қызметші ретінде өзінің, сондай - ақ мемлекеттік органның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасамауға;

өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік қалпын ұстануға;

қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

### **3. Жеке және занды тұлғалармен өзара қарым-қатынас**

5. Мемлекеттік қызметші:

егер мемлекеттік қызметші мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамамен көзделген тәртіpte мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қатысса, жеке және занды тұлғаларға нақты, уақтылы, тиімді қызмет көрсету бойынша шаралар қабылдауға;

жеке және занды тұлғаларға ұсынылатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырып отыруға;

жеке және занды тұлғаларға төзімділікпен және құрметпен қарauғa;

жеке және занды тұлғаларға қатысты немқұрайлыққа және ұқыпсыздыққа жол бермеуге;

шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, наным-сеніміне, тұрғылықты жеріне қарай немесе кез келген өзге де себептермен жеке және занды тұлғалардың беделін түсіруге жол бермеуге тиіс.

### **4. Әріптестерімен өзара қарым-қатынас**

6. Мемлекеттік қызметші:

әріптестеріне қатысты сыпайылық және әдептілік танытуы тиіс;

әріптестеріне ресми түрде өтініш білдіруге;

жұмыстағы әріптестерімен қарым-қатынас кезінде қатыгез мінез-құлық танытуға, сондай-ақ балағат сөздерді пайдалануға жол бермеуге;

әріптестерінің және басшылықтың сыны мен ескертулерін дұрыс қабылдауға, сондай-ақ жіберілген қателіктерін дер кезінде мойындай білуғе;

шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, наным-сеніміне, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге қарамастан әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

қажет болған жағдайда әріптестеріне кеңес беру немесе бұзушылыққа жол бермеу туралы ескерту арқылы көмек көрсетуге;

бөтен адамның идеялары мен бастамаларын иеленуден бас тартуға;

қызметтік міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеуге;

адами қасиеті мен кәсіптік шеберлігіне нұксан келтіретін әріптерестері туралы ақпарат таратпауға;

әріптеріне қатысты орынсыз мінез–құлық көрсетуге жол бермеу тиіс.

## **5. Қарамағында мемлекеттік қызметшілері бар, аспының мінез-құлық қағидаттары**

7. Басшы:

ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға және сақтауға, қарамағындағылардан жоғары моральдық-психологиялық, адамгершілік және кәсіптік шеберлік қасиеттерін тәрбиелеуге;

қарамағындағылардың адами қасиетін құрметтеуге, оларға қатысты әділдік танытуға;

функционалдық міндеттерді атқаратыны және тиісінше атқармайтыны үшін бірдей талаптар қоюға;

ұжымдағы еңбек тәртібінің, моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін жүйелі түрде талдап отыруға;

жоғары тұрган басшыға қарамағындағылар жасаған қылмыстар, құқық бұзушылықтар және еңбек тәртібін бұзу туралы дереу баяндап отыруға тиіс.